

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру»
 тақырыбындағы Мағзұмова Назира Қайроллаовнаның диссертациясына
 ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/ н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі (жауаптардың біреуін белгілеу қажет) | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|--------------|--|--|---|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі) 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму бағдарламаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына толық сәйкес келеді. Зерттеудің негізгі идеясы мамандардың кәсібилігінің жоғарылауына мүмкіндік береді және сапалы жаңа деңгейде педагогтардың білім беру үдерісінің кәсіби менеджменттің жүзеге асырылуына септігін тигізетіні негізделген. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «сапасы жоғары адами ресурстар» қажет, өйткені білікті, саналы адамдар – ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі» деп атап өтті. Қазақстан Республикасында жоғары білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында ҚР Үкіметінің №248 қаулысында атап өтілгендей, алдымызда тұрған негізгі міндеттер – білім беру мазмұнын жаңарту және жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру. Осыған байланысты зерттеу жұмысы еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес келетін білім беру мен ғылым |

| | | | |
|---|---------------------|---|--|
| | | | саласындағы менеджердің кәсіби құзыреттілігін қарастыру арқылы тақырыптың тиімділігі мен қажеттілігін көрсетеді. Осы міндеттер Мағзумова Назираның диссертациялық жұмысының өзектілігін айқындайды. |
| 2 | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | <p>Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған.</p> <p>Біріншіден, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі теориялық тұрғыда негізделген. «Кәсіби құзыреттілік», «Білім берудегі менеджер-кәсіби басқарушылық базалық білімі сипатындағы, тиімділікті арттыруға бағытталған жаңа типтегі басшы» ұғымдарының мазмұны нақтыланған.</p> <p>Екіншіден, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталған.</p> <p>Үшіншіден, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделі жасалған.</p> <p>Төртіншіден, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі қалыптастыруға әзірленген модельдің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттен өткізілген.</p> |
| 3 | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. | Диссертациялық жұмыстың дербес орындалғаны және автордың зерттеуге толықтай өз бетімен жауапкершілікпен қарағаны айқын көрінеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі заманғы педагогикалық және психологиялық ғылымның талаптарына сәйкес негізделіп, |

| | | | |
|---|----------------------|--|---|
| | | | <p>мәселенің жан-жақты зерттелуі жұмыстың жоғары ғылыми деңгейде орындалғанын дәлелдейді. Автордың ғылыми мәтін құру дағдысы жоғары деңгейде екенін атап өткен жөн: зерттеу құрылымы логикалық тұрғыдан жүйелі, мазмұны ғылыми дәлелдерге сүйенген, нәтижелер нақты және негізделген. Барлық бөлімдерде мәселені терең түсіну мен деректерді сапалы талдау арқылы зерттеудің ғылыми құндылығы айқындалады, бұл жұмыстың толықтай автордың өзі жазу жоғары деңгейде жазылғанын көрсетеді.</p> |
| 4 | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | <p>Диссертация өзектілігі ғылыми тұрғыда терең негізделген. Автор қазіргі кезеңдегі білім беру саласында функционалдық сауаттылық пен жаһандық құзыреттерді дамыту барысында, әлемдегі өзгерістер кезінде білім мен ғылымда еңбек нарығына сұранысқа ие кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр, Қазақстан жастарын халықаралық практикаға сәйкес жеке коммерциялық емес ұйымдарға трансформациялау, даму стратегиясының қалыптасуы, білім беру қызметтері нарығында тиімді қызмет атқару, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, заманауи технологияларды меңгеру және адами ресурстарды басқарудың инновациялық тәсілдерін енгізіп, оңтайлы шешуге болатынын дәйекті түрде талдап көрсеткен.</p> |
| | | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды. | <p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Атап айтқанда, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық әдіснамалық негіздерін айқындаумен, «кәсіби құзыреттілік»,</p> |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | | | <p>«басқарушылық құзыреттілік» ұғымдарының мазмұнын нақтылаумен, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындаумен, моделін әзірлеумен, және оның эксперимент жүзінде тексеріп, ұсыныстар берумен, білім беру саласында орын алып жатқан көптеген түбегейлі өзгерістер психологиялық-педагогикалық және басқарушылық іс-әрекетінің мазмұнына сәйкес келетін құндылықтарға әлемдік көзқарасты қайта құруды ұсынумен негізделеді.</p> |
| | | <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p> | <p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Алынған нәтижелер диссертанттың міндеттерді толық жүзеге асыра алғандығын көрсетеді және дәлелділігі мен сенімділігін растайды. Зерттеудің мақсаты анықталатын педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін даярлау моделін теориялық тұрғыдан негіздеуді және сынақтан өткізуді орындаумен сәйкес келеді. Зерттеудің міндеттері зерттеудің мақсатын нақтылай келе, білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға теориялық тұрғыда негіздеумен; білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін педагогикалық шарттарын анықтаумен; болашақ білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін моделін жасаумен сынақтан өткізумен сәйкес келеді.</p> |
| | | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен</p> | <p>Диссертация екі тараудан алты параграфтан тұрады. Бірінші</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------------|---|---|
| | | | саласындағы құзыреттер» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалып алғаш рет енгізілген, толығымен жаңа болып табылады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | Диссертацияда ғылыми нәтижелерге негізделген қорытындылар толығымен жаңа. Қорытындылар автордың жарыққа шыққан ғылыми мақалалардың жариялануымен расталды. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | Автор білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттар жүйесі: кәсіби маман тұлғасының басқару құзіреттерін (коммуникациялық, эмоциялық интеллект, сыни ойлау, креативтілік) қасиеттерін педагогикалық үдерісте меңгеру; кәсіби (hard) және икемді (soft) дағдыларды (skills) ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңартуды қамтамасыз етуі тренингтік бағдарламада сенімді дәлелдеген. Бұл халықаралық шетелдік конференцияларда мақалалар тезистерінің жариялануымен, нәтижелерді практикалық қызметке енгізу актілерімен расталады. |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша). | Теориялық және эксперименттік зерттеу жүргізу нәтижелері бойынша «Педагогикалық ғылымдар» бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға ЭЕМ арналған «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» бағдарлама тақырыбында электронды оқу-әдістемелік құрал, «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалды және академик Е.А. |

| | | | |
|---|----------------------------|--|---|
| | | | бет). Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделін ендіру тиімділігін көрсететін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері статистикалық-математикалық тұрғыдан өңделген. |
| 5 | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | Автордың алған ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын толығымен жаңа деп есептеуге болады. Зерттеу мәселесі бойынша: «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» ұғымдарының мазмұны нақтыланған – толығымен жаңа болып табылады; Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтаған – толығымен жаңа болып табылады; Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделін жасаған – толығымен жаңа болып табылады; «Педагогикалық ғылымдар» бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға арналған «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты электронды оқу-әдістемелік құралы, «Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті» инновациялық білім бағдарламасы 6B03102-«Психология және білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламасы «Болашақ педагог-менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» арнайы курс енгізілді, «Құзыреттілік және білім беру |

| | | | |
|---|-------------------------------------|---|--|
| | | | саласындағы құзыреттер» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалып алғаш рет енгізілген, толығымен жаңа болып табылады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | Диссертацияда ғылыми нәтижелерге негізделген қорытындылар толығымен жаңа. Қорытындылар автордың жарыққа шыққан ғылыми мақалалардың жариялануымен расталды. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | Автор білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттар жүйесі: кәсіби маман тұлғасының басқару құзіреттерін (коммуникациялық, эмоциялық интеллект, сыни ойлау, креативтілік) қасиеттерін педагогикалық үдерісте меңгеру; кәсіби (hard) және икемді (soft) дағдыларды (skills) ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңартуды қамтамасыз етуі тренингтік бағдарламада сенімді дәлелдеген. Бұл халықаралық шетелдік конференцияларда мақалалар тезистерінің жариялануымен, нәтижелерді практикалық қызметке енгізу актілерімен расталады. |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша). | Теориялық және эксперименттік зерттеу жүргізу нәтижелері бойынша «Педагогикалық ғылымдар» бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға ЭЕМ арналған «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» бағдарлама тақырыбында электронды оқу-әдістемелік құрал, «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалды және академик Е.А. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | <p>Бокетов атындағы Қарағанды университетінің және ЖМ «Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті» инновациялық білім бағдарламасы 6В03102-«Психология және білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламасына «Болашақ педагог-менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» арнайы курс болып енгізілді.</p> |
| 7 | <p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар</p> | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p> | <p>Қорғауға шығарылған 5 қағидатына нақты дәлелі бар, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және мақалаларда дәлелденген. Өйткені, автор диссертациялық жұмыстың зерттеу пәніне сәйкес шетелдік, отандық философиялық, психологиялық педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға жасалған талдау негізінде «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» ұғымын нақтылаған.</p> <p>Білім беру жүйесінде менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын нақтылап оның жаңашылдығымен, қолданылу деңгейінің кендігін дәлелдеп береді.</p> <p>Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделін жасаған.</p> <p>Әзірленген оқу-әдістемелік кешен «Болашақ педагог-менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» арнайы курсы; «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» оқу-әдістемелік құралы; білім беру жүйесіндегі болашақ менеджерлердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған</p> |

| | | | |
|---|--|---|--|
| | | | <p>«Әлеуметтік-психологиялық тренинг» бағдарламасы арқылы дәлелденді.</p> <p>Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға әзірленген модельдің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін халықаралық, республикалық конференцияларда, отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жарық көрген.</p> |
| 8 | <p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p> | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p> | <p>Автор ұсынған әдіснаманың жүйелілік, жеке тұлғалық, іс-әрекеттік тұғырлары мен тұтастық, иерархиялық, құрылымдық, бағыттылық, бірлік, саналылық, белсенділік, мақсаткерлік, дербестік ұстанымдары ғылыми тұрғыда негізделген. Білім беру мәселесінің көпқырлылығы көптеген ғалымдардың әдіснамалық еңбектерінде жарияланған.</p> <p>Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздері шетелдік Nezahat Guhlu, F.E.Weinert, S.P.Brown, J.Jones; қазақстандық С.Ж.Пралиев, Б.А.Тұрғынбаева, Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова, К.С.Құдайбергенова, К.М.Беркімбаев, Н.В.Мирза, Е.Ж.Сармурзин, Л.А.Шкутина сияқты ғалымдардың зерттеулерінде; менеджмент жүйесін дамыту, білім беру саласындағы басқаруды Т.М.Баймолдаев, А.А.Жайтапова, Ш.М.Каланова, Б.А.Қойшыбаев, Н.Д.Хмель, К.Ж.Аганина.</p> <p>Кәсіптік білім берудің ғылыми-педагогикалық аспектісін қарастырған ғалымдар: С.И.Архангельский, Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько,</p> |

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>Б.С.Гершунский, В.В.Краевский, М.Н.Скаткин, Ш.Т.Таубаева, Н.Н.Хан еңбектерінде негізделген.</p> <p>Оқу үдерісіндегі жеке тұлғалық-әрекеттік белсенділік</p> <p>Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, А.Н.Леонтьев, Ж.Ы.Намазбаева, С.М.Джакупов, Н.Б.Жиенбаева, О.С.Саңғылбаев, Э.К.Қалымбетова зерттеулерінде қарастырылған.</p> <p>Білім беру жүйесіндегі кәсіби құзыреттілігін әдіснамалық аспектісін қарастырған ғалымдар:</p> <p>Ф.Роджерс, Т.Питерс, Ф.У.Тейлор, П.Ф.Друккер, И.А.Зимняя, А.К.Маркова, А.П.Тряпицына, Ю.А.Конаржевский, А.Майоров, М.М.Поташник, Т.И.Шамова, С.Д.Якушева.</p> <p>Зерттеу әдістері алға қойған міндеттеріне сай дұрыс таңдалып алынған.</p> |
| | | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін алуға теориялық (зерттеу мәселесі бойынша іргелі философия, әлеуметтану, психология, педагогика көздеріне талдау жасау, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына, сапа менеджмент жүйесі, үлгілеу, педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және қорыту); эмпирикалық (студенттердің оқу іс-әрекетін бақылау; болашақ педагогтар, профессор-оқытушылар құрамы, тестілеу, әдістемелер; педагогикалық эксперимент жүргізу) әдістері қолданылған. Алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық статистикалық, компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|---|---|
| | | | және интерпретациялау жасалған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, моделдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ. | Теориялық қорытындылар академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің және ЖМ «Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті» инновациялық білім бағдарламасы 6В03102-«Психология және білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларына жүргізілген эксперименттік зерттеулерде дәлелденген және расталған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Автор диссертациялық жұмыс жазуда білім беру жүйесіндегі мен менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру тұжырымдамаларын, кәсіби және психологиялық-педагогикалық даярлықтың бірлігі жөніндегі еңбектерді, білім берудегі менеджмент теориясын басшылыққа алған және ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы растаған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Автордың жеткілікті әдеби дереккөздерге шолу жасаған. Scopus және Web of Science халықаралық рецензияланатын деректер базасынан алынған дереккөздерге сілтемелер келтірген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 222. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ. | Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі: - Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі теориялық тұрғыда негізделген. «Білім беру жүйесіндегі мен менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» ұғымдарының мазмұны нақтыланған; - Білім беру жүйесінде |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | | | <p>менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталған;</p> <p>- Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін моделі жасалған;</p> <p>- Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру шарттары мен моделі эксперименттен өткізілген.</p> |
| | | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>-</p> | <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар. Өйткені: зерттеу барысында «Болашақ педагог-менеджерлердің кәсіби құзыреттілігі» арнайы курс бағдарламасын, «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» авторлық электронды бағдарламасын, «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» атты оқу-әдістемелік құралын, коммуникативті қабілеттерді қалыптастыруға бағытталған элеуметтік-психологиялық тренинг бағдарламасын жоғары оқу орындарында, сынып жетекшілер дайындайтын бөлімдерінде, мектептерде, педагог кадрлар біліктілігін жоғарылату жүйесінде қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> |
| | | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Диссертациялық жұмыс қорытындысында автор берген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, салыстырмалы, статистикалық және талдамалық талдаулардың нәтижелерімен расталады.</p> <p>Зерттеудің практикалық бөлімі жоғары және арнаулы оқу орындарының тәжірибесінде менеджмент сапасын арттыру тәсілдерін психолог-педагогтардың кәсіби құзыреттілігін, білім беру саласындағы тәуекел – менеджердің кәсіби біліктілігін арттыру, CLIL-интеграциялық</p> |

| | | | |
|----|---|---|---|
| | | | технология әдісін оқу үдерісіне еңгізу жағдайында студенттердің тұлға аралық коммуникациясын дамыту мақсатында қолдануға мүмкіндік береді. |
| 10 | Жазу және рәсімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Академиялық жазудың сапасы жоғары, диссертацияны рәсімдеу талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу жұмысын ұсыну стилі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. |
| 11 | Диссертацияға ескертулер | Диссертация мазмұнында ара-тұра стилистикалық және грамматикалық қателер кездеседі. Бұл зерттеу жұмысы нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызына нұсқан келтірмейді. Автор алдына қойған мақсатына жетіп, міндеттердің шешімін толық таба білген. Білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық шарттарын тереңірек зерттеуге болады . Ұсынылып отырған жұмыста бүгінгі күннің талабына сай теориялық және практикалық мәні жоғары ғылыми мәселе шешімін тапқан. | |
| 12 | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі | Диссертациялық зерттеу нәтижелері төмендегі жарияланымдарда ұсынылды. Барлығы: 25 еңбек . – «Scopus» базасына енген шетелдік ғылыми журналда («Cypriot Journal of Educational Science». 2021 және 2022ж.); – ҚР ҒЖБМ Ғылым жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда: Қазақ білім акедемиясының баяндамалары. Жалпы педагогика педагогика және білім тарихы. Этнопедагогика сериясы. Астана, 2018ж.; Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, 2019ж.; Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы, «Педагогика. Психология. Әлеуметтану» сериясы, 2018ж.; Қазақ білім акедемиясының баяндамалары. Жалпы педагогика педагогика және білім тарихы. Этнопедагогика сериясы. Нұр-Сұлтан, 2020ж.; Қарағанды университетінің хабаршысы, «Педагогика» сериясы, 2022ж.; Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series, Астана, 2024ж.; – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында: Омск, 2017ж.; European multi scienc ejournal. Чехия, 2017ж.; Danish Scientific Journal, Denmark, 2018ж.; Москва, 2019ж.; Modern scientific challenges and trends, Warsaw, 2019ж.; Pedagogica actualis XI. Univerzitasv, Trnava, 2020ж.; Sciences of Europe, Praha, 2021; Самара, 2021ж.; Central Asia, Нур-Султан, 2021ж.; Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы. Үздік ғылыми қызметкер, Астана, 2023ж.; – республикалық конференциялардың материалдарында: Global science and innovations 2020: Central Asia. Нур-Султан, 2020ж.; Караганда, 2020ж.; Нур-Султан, 2021ж.; Global science and innovations 2021: Қарағанды, 2022ж.; Караганда, 2024ж.; – «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» | |

| | | |
|----|---|--|
| | | атты оқу-әдістемелік құралы (Латвия, 2019ж.); – электронды оқу құралы «Құзыреттілік және білім беру саласындағы құзыреттер» (авторлық куәлік 2020ж.) жарияланды. |
| 13 | Ресми рецензенттің шешімі (осы Ережені 4.10-тармағына сәйкес) | Шешім: Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған Назира Кайроллоевна Магзумованың «Білім беру жүйесіндегі менеджерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы өте жоғары ғылыми деңгейде орындалған дербес зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, Назира Кайроллоевна Магзумоваға 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп тұжырымдаймын. |

Ресми рецензент

Философия докторы (Phd),
қауымдастырылған профессоры,
Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина
университетінің
психология кафедрасының
профессоры



М.М. Книсарина